

Педагогтік қайта даярлау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 17 наурыздағы № 110 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 20 наурызда № 20147 болып тіркелді.

"Педагог мәртебесі туралы" 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2 тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Педагогикалық қайта даярлау курстарын өткізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2), және 3) тармақшаларында көзделеген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі М.М. Дәүленовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі

А. Аймагамбетов

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы 17 наурыздағы
№ 110 бұйрығына
қосымша

Педагогтік қайта даярлау қағидалары

Ескеरту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 16.09.2025 № 451 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Педагогтік қайта даярлау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Педагог мэртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және тиісті бейін бойынша педагогтік қызметіне алғаш рет кірісетін педагогикалық білімі жоқ тұлғаларды педагогикалық қайта даярлау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

дуальды оқыту – кәсіпорынның (ұйымның), оқу орнының және білім алушының тең жауапкершілігі кезінде білім беру ұйымындағы оқытуды білім алушыларға жұмыс орындарын ұсынып және өтемақы төлемін төлей отырып, кәсіпорындағы (ұйымдағы) өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың міндетті кезеңдерімен ұштастыратын кадрлар даярлау нысаны.

3. Тиісті бейін/бағыт бойынша педагогтің кәсіби қызметін жүзеге асыру үшін:

1) педагогикалық білімі жоқ, кәсіптік білімі бар адамдар, оның ішінде офицерлік, аға немесе жоғары сержанттық құрамдар лауазымдарында әскери қызмет өткергендер (әскери қызметке қайта кіру құқығынысыз теріс себептермен әскери қызметтен босатылған азаматтарды қоспағанда);

2) басқа мамандануға тиісті бағыт шеңберінде "Арнайы педагогика" бағыты бойынша педагогикалық білімі бар адамдар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) базасында педагогикалық қайта даярлаудан өтеді.

Офицерлік, аға немесе жоғары сержанттық құрамдар лауазымдарында әскери қызмет өткерген, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар және еңбек сінірген жылдары кемінде он жыл болған әскери қызметтен босатылатын немесе босатылған адамдар (әскери қызметке қайта кіру құқығынысыз теріс себептермен жұмыстан шығарылған адамдарды қоспағанда) әскери оқу орындарында бастапқы әскери дайындық бойынша педагогикалық қайта даярлаудан өтеусіз негізде өтеді.

2-тарау. Педагогтік қайта даярлау тәртібі

4. Педагогикалық қайта даярлау білімі жоқ, тиісті бейін бойынша педагогтің кәсіптік қызметіне алғаш рет кірісетін адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17565 болып

тіркелген) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышына сәйкес "Педагогикалық ғылымдар" даярлау бағыты бойынша білім беру қызметін жүргізуге "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес лицензиясы бар ЖЖООББҰ-ның базасында қайта даярлау курсары (бұдан әрі – курстар) өткізіледі.

5. Курсар дуальды оқыту элементтерін пайдалана отырып, күндізгі оқыту нысаны бойынша жүргізіледі.

6. ЖЖОКБҰ-да басшының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бүйрығымен қабылдау комиссиясы құрылады.

Қабылдау комиссияның қызметі туралы ережені, оның құрамын білім беру үйімі дербес айқындаиды.

7. Педагогикалық қайта даярлау курсына түсетін адамдар ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиясының хатшысына мынадай құжаттарды тапсырады:

1) еркін нысанда ЖЖОКБҰ басшысының атына өтініш;

2) Жоғары білім туралы немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттың көшірмесін;

3) 3x4 сантиметр көлеміндегі екі фотосурет;

4) Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қаңтардағы № ҚР ДСМ-175/2020 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген 075/У нысанындағы медициналық анықтама;

Сонымен қатар, осы тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен бірге салыстырып тексеру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Жеке басын растау үшін курсқа түсетін адамның жеке басын куәландырылатын құжат ұсынылады. Салыстырып тексеру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалар қайтарылады.

Осы тармақта көрсетілген құжаттар толық ұсынылмаған жағдайда ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиясының хатшысы құжаттарды қайтарады

Құжаттардың толық топтамасы ЖЖОКБҰ белгілеген құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін ұсынылады.

8. Педагогикалық білімі жоқ, тиісті бейін бойынша педагогтің кәсіби қызметіне алғаш рет кірісетін кәсіптік білімі бар адамдар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандығы № 600 бүйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17650 болып тіркелген) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйімдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес ЖЖОКБҰ базасында педагогикалық қайта даярлаудан өту үшін арнайы емтихан (бұдан әрі - арнайы емтихан) тапсырады.

Педагогикалық қайта даярлаудың арнайы емтиханын өткізу дің бағдарламасын, мерзімін, нысанын және үйімдастырылуын ЖЖОКБҰ дербес айқындаиды.

9. Адамдар арнайы емтихан тапсырған жағдайда тиісті бейін бойынша курсқа қабылданады.

10. Курсқа қабылданған адамдармен ЖЖОКБҰ педагогикалық қайта даярлау бойынша білім беру қызметтерін ұсыну туралы шарт жасасады.

11. Педагикалық қайта даярлаудың білім беру бағдарламасын ЖЖОКБҰ "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-1-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы № 31 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарына сәйкес білім беру жүйесі мен жұмыс берушілердің қажеттіліктерін ескере отырып дербес әзірлейді және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандығы № 106 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидаларына, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу мен одан алып тастау негіздеріне сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30139 болып тіркелген) білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізіледі.

Әскери қызметтен шығарылған адамдарға арналған педагогикалық қайта даярлаудың білім беру бағдарламаларын білім, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органдардың келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі әзірлейді және бекітеді.

12. Қорытынды атtestаттауды өткізу нысандары мен рәсімін ЖЖОКБҰ дербес айқындайды.

13. Білім беру бағдарламасын игеру және қорытынды атtestаттауды сәтті тапсыру кезінде педагогикалық қайта даярлау бойынша оқытудан өткен адамдарға, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 10 ақпандағы № 47 бұйрығымен бекітілген "Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттардың түрлерін, білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды және оларды есепке алу мен беру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31894 болып тіркелген) қосымшаға сәйкес нысан бойынша ЖЖОКБҰ-ны педагогикалық қайта даярлау туралы мерзімсіз сертификаты (бұдан әрі - Сертификат) беріледі.

Сертификаттың нөмірі мен QR кодтары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандығы № 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) сәйкес ғылым және жоғары білім беру саласындағы уәкілетті орган ұсанатын арнайы сервисте жасалады.

Педагогтік қайта даярлау
қағидаларына
қосымша
Нысан

Сертификат

_____ берілді. Тегі, аты,
әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Ол 20__ жылғы "___" ____ мен 20__ жылғы "___" ____ аралығында

(жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйімінің атауы
)

_____ академиялық кредит көлемінде бейіні _____

_____ білім беру бағдарламасы бойынша педагогтік қайта
даярлау курсынан өтті.

Ректор _____ Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) (қолы)

Мөрдің орны

(жеке кәсіпкерлерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)

Берілген күні 20__ жыл "___" ____

Тіркеу номірі: 20__ жыл "___" ____ № ____